



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№40 (1997) 17 ҚАРАША 2025 ЖЫЛ

Жастарға жол ашатын ғылыми-академиялық орта

**Құрметті ҚазҰУ студенттері,
білім алушы жастар!**
Сіздерді Халықаралық студенттер
күнімен шын жүректен
құттықтаймын!

лавриат, 285-і – магистратура, 128-і –
докторантура бағдарламалары.

ҚазҰУ-да Жас ғалымдар кеңесі
белсенді жұмыс атқаруда. Жыл сайын
«Фараби әлемі» халықаралық конфе-
ренциясы мен Жас ғалымдар форумы
өткізіледі. «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалы-
мы» байқауы аясында ең үздік жас
зерттеушілер анықталады. Бүгінде
олардың 49-ы Ғылым және жоғары
білім министрлігінің «Жас ғалым» жо-
басының жеңімпаздары.

2022 жылдан бері университетте
«Жас ғалым» гранттық қаржыландыру
жобасы негізінде постдокторантура
бағдарламасы іске асырылуда. Мем-
лекет қолдауының арқасында ҚазҰУ
ғылымы дамып, жаңа жобаларға қар-
жылық гранттар бөлінуде. Президен-
тіміздің қамқорлығын әсіресе жас ға-
лымдар айқын сезінді: ҚазҰУ-дың 14
жас ғалымы Қасым-Жомарт Кемелұлы
Тоқаевтың атынан пәтер кілттерін
алып, баспаналы болды.

Құрметті студенттер!

ҚазҰУ сіздердің сапалы білім алып,
ғылымды игеріп, жан-жақты даму ар-
қылы бәсекеге қабілетті тұлға болып
қалыптасуларыңыз үшін барлық мүм-
кіндікке ие. Әр күндеріңіз шабытқа,
жаңа білімге және жарқын жетістіктерге
толы болсын! Сіздерге мықты денсау-
лық, отбасыларыңызға береке, білім,
ғылым жолында табыс тілеймін!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Әл-Фараби
атындағы Қазақ
ұлттық универси-
тетінің Басқарма
Төрағасы
– Ректор
Жансейіт
Түймебаев
жапониялық
Cyberdyne Inc.
компаниясының
өкілдерімен
кездесу өткізді.



Білім мен ғылым тоғысындағы жаңа мүмкіндіктер

Делегация құрамын-
да компанияның биз-
несті дамыту жөніндегі
аймақтық менеджері
Банистер Анак пен сату
және бизнесті дамыту
жөніндегі менеджері Ба-
зархан Какимов бар.

Тараптар инновация-
лық технологиялар, ме-
дицина, робототехника
салалары бойынша се-
ріктестікті арттыру мә-
селесін жан-жақты тал-
қылады.

Жансейіт Түймебаев
қонақтарды қарсы алып,
ҚазҰУ-дың ғылыми
әлеуеті, инженерия және
медицина бағыттары
бойынша зерттеу орта-
лықтарының жұмысы
туралы ақпарат берді.
Ректор CYBERDYNE INC.
компаниясының арнайы
орталығын ҚазҰУ база-

сында ашу туралы ұсы-
ныс білдіріп, бұл баста-
ма білім мен ғылымның
тоғысындағы жаңа мүм-
кіндіктерге жол ашаты-
нын атап өтті. Сонымен
қатар өз сөзінде Жан-
сейіт Түймебаев робото-
техника бағыты бойын-
ша ҚазҰУ жапониялық
компаниямен ортақ ғы-
лыми жобаларды іске
асыруға дайын екенін
жеткізді.

Кездесуде Банистер
Анак компанияның әлем-
дік деңгейде мойын-
далған жоғары техно-
логиялық әзірлемелерін
таныстырып, универси-
тетпен бірлескен жоба-
ларды жүзеге асыруға
мүдделі екендіктерін
білдірді.

Гүл БАЯНДИНА



Генетика саласындағы ғылыми ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Бас-
қарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Уайтхед
биомедициналық зерттеулер институты (АҚШ) Дің жасуша-
лары зертханасының директоры, ғалым Майя Миталипованы
қабылдады.

Кездесу барысында тарап-
тар биомедицина және генетика
саласындағы ғылыми ынтымақ-
тастықтың өзекті мәселелерін
талқылады. Сондай-ақ ҚазҰУ
мен Уайтхед институты арасын-
да бірлескен ғылыми жобалар-
ды іске асыру, зерттеу нәти-

желерін тәжірибеде қолдану
және жас ғалымдар мен сту-
денттердің академиялық ұтқыр-
лығын арттыру бағытында
еріптестік орнату мүмкіндіктерін
қарастырды.

Жансейіт Түймебаев шет-
елдік жетекші ғылыми орталық-

тармен бірлескен жобаларды
жүзеге асыру ҚазҰУ-дың халық-
аралық беделін арттырып, отан-
дық ғылымды жаңа деңгейге
көтеруге ықпал ететінін жеткізді.

Өз кезегінде профессор
Майя Миталипова оқу ордасы-
ның ғылыми әлеуетін жоғары
бағалап, генетика, биомедици-
на саласында ҚазҰУ ғалымда-
рымен ортақ инновациялық
жобаларды іске асыруға дайын
екенін айтты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



3-бет
Қоғамның
интеллектуалдық
капиталы



5-бет
Аида ҚАЛИЕВА:
Халықаралық басылымға
мақала жариялау
отандық ғылымның
беделін арттырады



6-бет
Дипломатия
мектебінің
ұстаханасы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақтың ұлы ақыны, айтыс өнерінің дара тұлғасы Сүйінбай Аронұлының 10 томдық шығармалар жинағының тұсаукесері өтті.

Сүйінбай Аронұлының 10 томдығы таныстырылды




шығармаларын жаңа бағытта зерттеу жалғасатынына сенімдімін», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өз кезегінде жазушы, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Жоғары мектебінің академигі Қансейіт Әбдешұлы қазақстандық ғалымдардың күш-жігері мен жүйелі еңбегінің арқасында ел тарихында және халық жадын-

да із қалдырған Өтеген, Қарасай, Сұраншы, Саурық эпостарының орындаушысы Сүйінбай Аронұлының шығармашылық мұрасын басып шығаруға қол жеткізілгенін атап өтті.

Тұсаукесерге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ЮНЕСКО жанындағы мәдениеттерді жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері Нағашыбек Қапалбекұлы, Қазақстан жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысып, жылы лебіздерін білдірді.

Іс-шара Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармония өртістерінің ақын шығармаларынан құралған концерттік бағдарламасымен аяқталды.



«Мишкат» орталығын ашу бастамасы қолдау тапты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Сұлтан бин Абдулазиз әл-Сауд атындағы қайырымдылық қоры бас директорының орынбасары Абдулазиз әл-Макуши және Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Ислам әлемі ұйымы (ISESCO) делегациясымен кездесті.

Қазіргі таңда ҚазҰУ Король Фейсал атындағы Ислам зерттеулері және зерттеулер орталығы мен Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Тараптар ҚазҰУ-да исламтану және араб тілін оқыту бойынша мамандар даярлайтын ISESCO кафедрасын ашу, сондай-ақ «ISESCO – Farabi Digital Lab» бірлескен ғылыми-білім беру орталығын құру

мүмкіндігін қарастырды. Сонымен қатар «ISESCO – Al-Farabi» жыл сайынғы жастар ғылыми форумын ұйымдастыру және ISESCO платформасында оқытушылардың біліктілігін арттыруға арналған онлайн бағдарламаларды әзірлеу мәселелері талқыланды. Қазақ тілін, араб тілін және ислам мәдениетін дамыту мақсатында ҚазҰУ-да «Мишкат» орталығын ашу бастамасы да қолдау тапты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Уайтхед биомедициналық зерттеулер институтының (Массачусетс технология институты, АҚШ) Дің жасушалары зертханасының директоры, ғалым Майя Миталипова «Альцгеймер ауруы кезінде ми тамырларындағы өзгерістерді зерттеуге арналған изогенді өздігінен ұйымдасатын гематоэнцефаликалық тосқауыл моделі» тақырыбында дәріс оқыды.

Ми тамырларындағы патологиялық өзгерістерді зерттеуші



зерттеулердің алдыңғы қатарында тұр.

Ғалым жеке тәжірибесімен де бөлісті: зерттеуін бастаған кезде анасына Паркинсон ауруы диагнозы қойылған. Өкінішке қарай, анасын сақтап қалу мүмкін болмаған. «Жиырма жылдан астам жұмыс істесем де, әлі де үйренетінім көп. Бірақ мен 80 жасқа келгенде де зертханаға баруды жалғастыра бергім келеді. Анамның қабіріне барғанда «Мен осы ауруларды жеңуге бағытталған үлкен жұмбақтың бір бөлігін шешемін. Егер өзім жасай алмасам, бұл істі жалғастыратын жас ғалымдарға жол ашамын» деп өзіме уәде беремін», – деді Майя Миталипова.

Дәріс барысында ғалым

Альцгеймер ауруында ми тамырларындағы патологиялық өзгерістерді зерттеу үшін изогенді өздігінен ұйымдасатын гематоэнцефаликалық тосқауыл (ГЭБ) моделін жасауды таныстырды. Модель ГЭБ бузылысының қан айналымына және аурудың дамуына әсерін зерттеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ жаңа дәрі-дәрмектерді сынауға және аурудың прогресін баяулатуға жол ашады.

Кездесу соңында студенттер мен жас ғалымдар Майя Миталиповаға сұрақтар қойып, толық және мазмұнды жауаптар алды.

Света
ӨМІРҒАЛИЕВА

Қаржы мамандарына құрмет көрсетілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ұлттық валюта – теңге күні және Қазақстан Республикасы қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында оқу ордасының есеп пен қаржы саласында қызмет ететін мамандармен кездесті.

Жүздесуге ҚазҰУ-да 40 жылға жуық жұмыс атқарып келе жатқан қызметкерлер мен жас мамандар жиналды.

Ректор университеттің қаржы жүйесі қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, жоғары кәсібилігі мен жауапкершілігі үшін алғыс айтты. Университет басшысы оқу ордасының бүгінге дейін жеткен жетістіктері туралы ақпарат беріп, ҚазҰУ-дың болашақтағы даму жоспарын таныстырды.

Жансейіт Түймебаев өз сөзінде бюджеттік жоспарлауды



жетілдіру, цифрлық шешімдерді енгізу және университеттің экономикалық тұрақтылығын нығайту бағытында жүйелі жұмыс атқару қажет екеніне тоқталды.

«Университеттің стратегиялық дамуы мен экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп келесіздер. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен мол тәжірибелеріңіз оқу ордамыздың табысты жұмыс істеуіне үлкен үлес қосады», – деді ректор.

Сөз соңында ректор бірқатар мамандарды «Farabi» медалімен, «Құрмет» грамотасы және алғыс хаттармен марапаттады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

17 ҚАРАША – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ

Қоғамның интеллектуалдық капиталы

Халықаралық студенттер күні жастардың әлеуетін арттыруға, олардың шығармашылық, көшбасшылық және қоғамдық белсенділігін қолдауға арналған маңызды мереке. Бұл күн – студенттердің қоғамдағы орны мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ болашаққа бағытталған бастамаларын қолдауға ерекше мән беретін символдық дата.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүргізілетін жастар саясаты бәсекеге қабілетті, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары және белсенді тұлғаларды қалыптастыруды

Студенттік орта – қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық дамуының негізгі қозғаушы күші. Қазіргі таңда университетте 30 мыңнан астам студент білім алуда.

ҚазҰУ Жастар ұйымдары комитеті университеттің барлық факультеттерінің студенттік деканаттарын, студенттік ұйымдар мен қызығушылық клубтарын біріктіру арқылы студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Бүгінгі таңда университетте 11 ұйым және 3 клуб жұмыс істейді. Оларды атап өтер болсақ: «Сұңқар» студенттер мен магистранттардың кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі, студенттік Сенат – студенттердің мүдделерін қорғау және көшбасшылықты дамыту алаңы, ҚазҰУ Еріктілер лигасы – бұл жастардың әлеуметтік белсенділігі мен тұрақты дамуға қосқан үлесі. Сонымен бірге «Көмек» қоғамдық қоры – әлеуметтік жауапкершілік пен инклюзивті қоғамды дамытуға жұмыс істейді. Ал ҚазҰУ Жоға-

ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдары комитеті мен ерікті студенттері «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді түрде атсалысады.

Акция аясында биыл білім алушылар 26 рет сенбілікке шықты. Оған 10 мыңға жуық студент тартылды. Акция барысында ҚазҰУ қалашығына, Алматы қаласының көшелеріне, Көкжайлау мен Аюсай сарқырамасына бірнеше рет сенбілік ұйымдастырылды. Студенттер көгалдандыру мақсатында түрлі талшыбықтар егіп, қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосты.

Университетімізде білім алатын шетелдік студенттер де оқу ордасында өтетін түрлі іс-шараларға белсене қатысады. Мысалы, әр ел студенті өз елінің бұрышын даярлайды. Шет-

Бәсекеге қабілетті жастар

негізге алады. Білім ордасының жүргізіп отырған саясаты студенттерге қоғам мен елдің тұрақты дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

Университет студенттердің жан-жақты дамуын қолдау мақсатында әр оқу жылында мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: республикалық, халықаралық және шетелдік форумдарға қатысуға іссапарларға жіберу; республикалық деңгейде ұйымдастырылатын КВН ойындары мен пікірсайыс жарыстарына қатысуына қолдау көрсету, спортшы студенттердің спорттық жарыстар мен олимпиадаларға қатысуына жағдай жасау, студенттердің университеттік және қалалық

деңгейде ұйымдастыратын іс-шараларын қаржылай қолдау және мүмкіндігі шектеулі жан-дарға толық жағдай жасау. Сондай-ақ білім ордасы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім студенттерді тегін жатақханамен қамтамасыз етуге, университеттің әлеуметтік қоржынында көрсетілген талаптарға сай, студенттердің оқу ақысына жеңілдік жасайды және асханаларда тегін тамақтану талондарын береді.

Осындай игіліктер арқылы университет студенттердің шығармашылық, академиялық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға жағдай жасап, олардың жеке және кәсіби дамуына қолдау көрсетеді.

Студенттердің дамуына жан-жақты жағдай жасалған

ры студенттік кеңесін патриотизм мен студенттік көшбасшылық мектебі десек еш қателеспейміз. Сол сияқты ҚазҰУ-дың Шетелдік студенттер ұйымы мәдениетаралық байланыстар мен академиялық қолдауға күш салады. ҚазҰУ-дың Ғылыми студенттік қоғамы болашақ ғалымдар мен инноваторлар ортасының кеңеюіне ықпал етеді. Фараби студенттік ассамблеясы мен Жастар рухы

Қазақстан жастарының дамуы мен көшбасшылық платформасына қызмет етеді. Сондай-ақ «Саналы ұрпақ» студенттік клубы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырумен айналысса, «Алтын сапа» интеллектуалдық дебат клубы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап, жастардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.



Волонтерлік жұмыстарда белсенді

елдік студенттермен бірлесе Дивали, Холли мерекелерін атап өтті. Бүгінде Ағылшын клубы, Айлтс клубы, сонымен бірге қазақ және орыс тілдерін үйрену клубтары жұмыс істейді.

Халықаралық деңгейдегі форумдарда студенттеріміз волонтерлік жұмыстарға белсене атсалысады. Атап айтсақ, QS Азия Тынық мұхиты саммитінде – 80, Түркі дүниесі жастарының форумында – 120 студент волонтерлік қызмет атқарды. Студенттеріміз келген қонақтармен тығыз байланыс орнатып, өздеріне әлемнің түкпір-түкпірінен дос тапты.

Сондай-ақ ҚазҰУ студент-

тері халықаралық және республикалық олимпиадаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Мәселен, 246 студент түрлі деңгейдегі білім сайыстарына қатысып, университетіміздің абыройын асқаттатты. Оның ішінде 106 студент – республикалық олимпиадаларда бақ сынаса (43,1%), 140 студент – халықаралық деңгейде ел намысын қорғады (56,9%). Білімді, бәсекеге қабілетті жастардың биік белестерді бағындыруы – университетіміздің сапалы білім мен тәрбие беруге деген ұмтылысының айқын дәлелі.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздегі «Ғылыми зерттеу университеті» мәртебесіне ие жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Бұл мәртебе университеттің білім беру, ғылым және инновация салаларындағы стратегиялық даму бағытын айқындап, халықаралық ғылыми кеңістікке қосылу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

Scopus деректер базасында 497 ғылыми мақала жариялаған

Университеттің ғылыми әлеуетін дамытуға оқытушы-профессорлар құрамымен бірге білім алушы жастар да белсенді атсалысып келеді. Қазіргі таңда жас зерттеушілердің ғылыми белсенділігі айтарлықтай артып, нәтижесінде ҚазҰУ білім алушылары Scopus деректер базасында 497 ғылыми мақала жариялаған. Бұл еңбектердің авторлары ретінде 185 білім алушы – докторанттар, магистранттар және бакалавриат студенті тіркелген.

Аталған көрсеткіш университеттің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудағы тиімді жүйесінің, студенттерге арналған ғылыми жетекшілік инс-

титутының, сондай-ақ ғылыми жобалар мен стартаптарға қолдау көрсететін инфрақұрылымның нәтижесі. ҚазҰУ жанындағы ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар білім алушы жастардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға кең мүмкіндік ұсынып отыр.

Білім ордасы оқытушы-профессорлардың ғана емес, студенттерінің де халықаралық басылымдарда мақалаларының жариялануы – университеттің ғылыми әлеуетінің өсіп келе жатқанын, сондай-ақ жас зерттеушілерді ғылымға тарту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін айқын көрсетеді.

Қоғамға қызмет ету дағдысы қалыптасады

Халықаралық студенттер күніне орай, университетте «Көмек» қоғамдық қорының еріктілер акциялары ұйымдастырылды.

Студенттік кеңес ұйымының жетекшілігімен «Students Vibe», «Student Power», «Top Student Awards» кештері өтті. «Алтын сапа» интеллектуалдық дебат клубының пікірталас алаңында студенттер бас қосып, қазіргі білім беру саласының өзекті мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Арт-орталығы студенттері «Біз» студенттік театрының «Ғашықтар хикаясы» атты

қойылымын қойды. Болон үдерісі бойынша студенттік бюросының «FIT Monet», «Best of the Best» кештері білім алушылардың көңілінен шықты. «Сұңқар» студенттер мен магистранттардың кәсіподақ ұйымы «Fresh Minds» фестивалін ұйымдастырды. Құқықтық тәртіп жасағының «TOP Project» мәдени және спорттық шаралары көпшіліктің көңілінен шықты.

Халықаралық студенттер күні қарсаңында өткен бұл іс-шаралардың барлығы жас буынның көшбасшылық, командада жұмыс істеу және қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытуға негізделген.



Әл-Фараби апталығы аясында және ҚР бухгалтері мен аудиторы күні қарсаңында Экономика және бизнес жоғары мектебінде өткен келелі кеңесте жаһандық өзгерістер мен ESG дәуіріндегі есеп пен аудиттің тұрақты дамуы: қаржылық есептілікті трансформациялау мәселесі талқыланды.

Бүгінде бүкіл әлем жаһандық сын-қатерлер жағдайында, әсіресе бүгінгі климаттық, әлеуметтік, технологиялық және экономикалық жағдайларда бизнестің, қаржылық ақпараттың және корпоративтік басқару тетіктерінің рөлін қайта қарастыру қажеттілігіне тап болып отыр. Заман сұранысына сай маңызды, тиімді ғылыми жаңалықтар ашып, оларды өндіріске енгізе білген мемлекеттердің пайдаға келгенін, қуаты артқанын көріп, ғұлама сөзінің маңыздылығы арта түскеніне куә болудамыз. ESG тұжырымдамасы – экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік тұрақты дамудың жаңа моделінің негізіне айналады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестіктер форумында сөйлеген сөзінде: «Білім мен ғылым – әлемді өзгерте алатын ең басты күш, ал университет – озық ойлар мен жаңа идеялардың ордасы, ғылыми ізденіс ортасы», – деп атап өткен болатын. Яғни университет пен кәсіби бизнес ортасы өкілдерінің дөңгелек үстелде жиналып, заманауи мәселелерді талқылауы жаңа ойды, озық идеяны тудыратыны сөзсіз.

Бүкіл әлем қаржылық ақпаратқа, корпоративтік басқаруға және әлеуметтік жауапкершілікке деген көзқарасты кешенді түрде қайта қарастыру қажеттілігінің алдында тұр. ESG тұжырымдамасы тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін біріктіретін негізгі құралға айналады.

Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы мамандар үшін бұл жай ғана жаңа тренд емес, әдіснамалық тәсілдерді, стандарттарды және кәсіби құзыреттерді жаңартуды талап ететін сынақ. Қаржылық емес есептілікті қолданыстағы жүйелерге қалай біріктіру, ESG-ақпараттың ашықтығын қалай арттыру керектігін және оны Қазақстанда тиімді іске асыру үшін қандай практикалық қадамдар қажет екенін айқындау керек. Бұларды шешу өз кезегінде Тұрақты даму мақсаттарын: ТДМ 4 – «Сапалы білім беру», ТДМ 8 – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» іске асыруға бағытталады.

Келелі кеңестің басты мақсаты – цифрландыру жағдайында аудит саласындағы нақты, өзекті мәселелерді шешуге, Экономика және бизнес жоғары мектебінің білім алушыларын бухгалтерлік есеп пен аудиттің практикалық мәсе-

мамандардың әріптестік өзара іс-қимылын дамыту.

Жоғары мектеп басшылығы, факультет деканы Жанна Ермекова, ғылым және инновациялық жұмыс жөніндегі декан орынбасары Дина Қанағатқызы, Экономика және қаржы департаментінің директоры Әсем Мақашова, кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар мен магистранттар кәсіби сала өкілдерімен кездесіп, бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы тұрақты даму мүмкіндіктерін талқылады.



Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру әдістемесі талқыланды



лелерін шешуге тартуға бағытталған оқытушы-профессорлар құрамы мен ЭЖБЖМ жас ғалымдарының, қоғамдық ұйым өкілдері мен практик-

Бизнес-серіктестер ретінде Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасынан академия директоры Тимур Әбиев, «Учет.kz» академиясы-

нан Михаил Барышев, KPMG Кавказ және Орталық Азия директоры Әсел Темірғалиева өз ойымен бөлісті.

Еліміздің 2026 жылдан бастап қолданысқа енгізілетін жаңа Салық кодексінің өзгерістері жөнінде ой бөліскен М.Барышев «Учет.kz» академиясы тарапынан жүзеге асырылып жатқан шаралар, оның ішінде университеттің білім алушыларына, оқытушыларына берілетін мүмкіндіктерге тоқтала келе, университетті ESG-қағидаларын жүзеге асырушы бірден-бір академиялық орта екенін атап өтті.

ҚР Аудиторлар палатасының өкілі ретінде Тимур Әбиев білім алушы жастарға берілген

мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өздерінің стратегиялық жоспарларымен ұтымды үйлестіре білу жөнінде тағылымды кеңестерімен бөлісті.

Университетіміздің Экономика және қаржы департаментінің директоры Әсем Мақашова ESG-қағидаларын басқару үрдісімен үйлестіру мәселесін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мысалында қарастыра отырып, университеттің есептілігін құрастырудағы басты мәселелерге шолу жасап өтті.

KPMG Кавказ және Орталық Азия директоры Әсел Темірғалиева ESG-қағидалары бойынша құрастырылған есептіліктің бизнеске беретін артықшылықтарына тоқталып, нақты мысалдар келтірді.

Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к. Мәди Байдәулетов дөңгелек үстел тақырыбының өзектілігін, бухгалтерлік есеп пен аудитке қатысты мүмкіндіктерге тоқталды.

Бұдан кейін кафедра оқытушылары, докторанттар мен магистранттар өз ой-көзқарасын ортаға салып, дөңгелек үстел қатысушылары арасында туындаған басты сұрақтарға қатысты пікірталас орын алды.

Бүгін біз ESG трансформациясы тек уақыт талабы емес, бизнестің тұрақтылығы, инвесторлардың сенімі және ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігі тәуелді болатын стратегиялық бағыт екенін анықтадық.

Тұрақты есеп және аудит саласындағы әдістемелерді, стандарттар мен практикалық құралдарды өзірлеу үшін мемлекеттің, ғылыми қоғамдастықтың және кәсіпқойлардың күш-жігерін біріктіру қажет.

Бақыт СҰЛТАНОВА,
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Альмира АРЫСТАМБАЕВА,
аға оқытушы



Аида Қалиева – география және табиғатты пайдалану факультетіне қарасты «Туризм және қонақжайлылық» білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты. Бүгінгі таңда туризм және қонақжайлылық саласындағы тұрақты даму бағытында зерттеу жүргізіп жүрген белсенді, ізденімпаз жас. «Қонақүй индустриясындағы жасыл бастамалардың тұрақты даму мақсаттарына ықпалын бағалау» деген тақырыпта диссертациялық жұмыс жазып жүр. Жас ғалымның бұл зерттеу еңбегі қонақүй секторында экологиялық инновациялардың (мысалы: энергия үнемдеу, қалдықтарды азайту, су ресурстарын тиімді пайдалану) енгізілуінің әлеуметтік-экономикалық әсерін анықтауға арналған.

Аида Қалиеваның жетекшісі – география ғылымының кандидаты, доцент Әлия Ақтымбаева. Аида Қалиеваның айтуынша, Әлия Сағындыққызының ғылыми жетекшілігімен туризмдегі экологиялық менеджмент пен «жасыл» технологияларды бағалау әдістемесін тереңірек зерттеу үстінде. Оның үстіне докторанттың бірнеше мақаласы Scopus базасына кіретін халықаралық басылымдарда жарияланған. Осыған орай, «Qazaq universiteti» газеті жас ғалым Аида Қалиеваны әңгімеге тартып, бірнеше сауал қойған еді.

Аида ҚАЛИЕВА:

Халықаралық басылымға мақала жариялау

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРАДЫ

– Аида, халықаралық басылымдарға қандай мақалаларыңыз шықты? Scopus базасына кіретін басылымдардың талабы жоғары, мақала жазуға қалай дайындаласыз?

– Соңғы жылдары ғылыми мақалаларым халықаралық деңгейдегі бірнеше беделді басылымдарда жарық көрді. Атап айтқанда GeoJournal of Tourism and Geosites, Sustainability (Switzerland) және Revista Iberoamericana de Viticultura, Agroindustria y Ruralidad сияқты журналдарда жарияланған еңбектерім бар. Мысалы, Sustainability (Switzerland) журналында жарық көрген «Balancing Nature and Visitors for Sustainable Development: Assessing the Tourism Carrying Capacities of Katon-Karagay National Park, Kazakhstan» (Табиғат пен келушілер тепе-теңдігі: Қазақстанның Катон-қарағай ұлттық паркінің туристік сыйымдылық деңгейін бағалау) мақаласында ұлттық парктердің экологиялық жүктеме деңгейін бағалау әдістемесі қарастырылды.

Халықаралық журналдарға мақала жазу – күрделі әрі көп ізденуді, еңбекті қажет ететін процесс. Әр мақала бірнеше кезеңнен тұрады: теориялық негіздеме жасау, әдістемені нақтылау, деректерді жинақтап талдау, нәтижелерді салыстыру және соңында ағылшын тілінде ғылыми стильде жазу. Әрбір журналдың өз форматы, құрылымы мен этикалық талаптары бар, сондықтан жұмысты бірнеше рет қайта қарап, түзетулер енгізу қажет болады.

Дегенмен бұл процестің өзіндік үлкен пайдасы бар – ол зерттеушінің ғылыми мәдениетін арттырады, сыни ойлауды дамытады және өз еңбегін халықаралық аудитория алдында қорғауға мүмкіндік береді.

Халықаралық журналдарға ғылыми мақала жазып жариялау қиын, алайда ол ең алдымен сапаға ұмтылудың белгісі. Әр жарияланған еңбек тек жеке жетістік емес, сонымен бірге қазақстандық ғылымның әлем-



дік ғылыми кеңістіктегі беделін арттыруға қосқан үлесі деп санаймын.

– Кейбір ғалымдар «халықаралық басылымдарға мақала шығару талабын алып тастаған жөн» дейді. Осы мәселеге сіздің пікіріңіз қандай?

– Шынында да, бұл мәселе бүгінде өте өзекті. Менің ойымша, халықаралық басылымдарға ғылыми зерттеу еңбегін жариялау талабын алып тастау дұрыс емес, керісінше, оның сапалық өлшемін жетілдіру қажет. Себебі халықаралық деңгейдегі жарияланымдар – ғалымның кәсіби дамуы мен ел ғылымының халықаралық аренадағы көрінісі.

Әрине, Scopus немесе Web of Science журналдарына мақала шығару оңай емес. Бірақ бұл талап зерттеушіні жүйелі ойлауға, салыстырмалы талдауға, дәлдік пен ғылыми мәдениетке үйретеді. Бұл – ғылымдағы тәртіп пен сапаның кепілі.

– Аида, өзіңіз ғылым жолын таңдайсыз ба, әлде басқа салаға ауысу ойда бар ма?

– Әрине, ғылым жолы жеңіл жол емес, таңдап алған тақырыбыңды зерттеуге адамның көп уақыты да, күші де кетеді. Алайда ғылым адамға рухани қанағаттанушылық береді, өз ісіңе сенімділік тудырады әрі ең бастысы – елдің дамуына шынайы үлес қосу мүмкін-

дігіне жол ашады. Сондықтан менің мақсатым – ғылым саласында қалып, туризм мен қонақжайлылық индустриясының болашағына қызмет ету және Қазақстан ғылымының халықаралық беделін арттыруға үлес қосу.

– Сіздіңше, бүгінгі жастар ғылыммен айналысып, жақсы өмір сүре ала ма?

– Иә, ғылымның даңғыл жолына түсіп жақсы өмір сүруге болады. Мен мұны сенімді түрде айтып отырмын. Оған ешқандай шүбә болмасын. Қазіргі жастар ғылыммен айналысу арқылы да жақсы өмір сүре алады. Бүгінгі ғылым тек теориямен шектелмейді, инновациялық жобалар, стартаптар, халықаралық зерттеу гранттары, академиялық мобильдік бағдарламалар – мұның бәрі ғылымды практикалық салаға айналдырып отыр. Бастысы – табандылық пен кәсіби қызығушылық. Адам бойында осы екі қасиет болса, ғылымда үлкен жетістікке жетуге болады. Жас ғалымдар жаңа технологияны еркін меңгереді, тіл біледі, әлемдік деңгейдегі платформалармен жұмыс істей алады. Демек, олар өз зерттеулерін коммерциализациялауға, қоғам сұранысына бейімдеу мүмкіндігіне ие.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Екі ел қарым-қатынасына жаңа серпін



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің шақыруымен Ресейге мемлекеттік сапарымен барды. Президентіміздің мемлекеттік сапарының мәртебесі жоғары, салмағы басым болды. Себебі Мәскеуде екі ел басшылары қос тарап арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастықтың басты бағыттарын талқылау мақсатында кездесіп, қос ел үшін маңызды бірқатар құжатқа қол қойылды. Бұл сапар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды жаңа деңгейге көтеру тұрғысымен тарихи маңызға ие.

Отыз жылдан бері екі ел арасында экономикадан бастап, мәдени-гуманитарлық байланыстар және мемлекетаралық әріптестік қарқынды дамып келеді. Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыс жоғары деңгейде. Бүгінде қос ел стратегиялық серіктестер ретінде танылып отыр. Ресей – ел экономикасына қаржы құйған жетекші инвесторлардың бірі. Мысалы, соңғы бір жылда Қазақстанға тартылған инвестицияның көлемі 4 миллиард долларға жеткен. Қазақстанда Ресей капиталы бар 20 мыңнан астам компания табысты жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде елде мыңдаған жұмыс орындары құрылып, экономикалық өсімге де тың серпін беріліп отыр.

Ресми деректерге келсек, шет мемлекеттерде 100 мыңға жуық қазақстандық студент білім алып жатса, олардың 70 мыңға жуығы Ресейде білім алуда. Мәскеу, Санкт-Петербург және Қазан сияқты ірі қалалармен бірге, шекаралас аймақтарда да ресейлік оқу орындарын таңдайтын жастардың қатары көп екені белгілі. Оған қоса, елімізде Ресейдің үздік тех-

никалық ЖОО-ларын ашу бойынша да келіссөздер жүргізілуде.

Кездесу барысындағы негізгі басты құжаттар Қазақстанда «Росатом» қатысуымен алғашқы АЭС-ті салу, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізін кеңейту және «Солтүстік – Оңтүстік» бағытын дамыту жоспарланып отыр. Сондықтан Қ.Тоқаев «Бұл құжат екі ел арасындағы сенімнің жоғары деңгейін растап, ынтымақтастықтың жаңа дәуірін бастайды» деп атап көрсетті.

Қос тарап экономикадан бөлек, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселелерін де егжей-тегжейлі талқылады.

Кездесу нәтижесі екі ел қарым-қатынасына жаңа серпін беретіні шүбәсіз. Себебі энергетика, газ және мұнай саласындағы жаңа келісімдер экономиканың қарқынды өсуіне пайдалы, екі ел арасындағы достық пен экономикалық тұрақтылықты нығайтатын маңызды қадам деп есептеймін.

Фатима
ҚОЗЫБАҚОВА,
Қазақстан тарихы
кафедрасының
профессоры

Биыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл тәуелсіз Қазақстанның білім мен ғылым жүйесінде жаңа дәуір ашқан айтулы белес.

Дипломатия мектебінің ұстаханасы



қызметінің жанданып, гүлденуіне зор еңбек сіңірді.

Факультет дамуының әр кезеңі – жаңару мен ізденістің айғағы. 2001 жылы факультет құрамына «Әлемдік экономика» мамандығы енді. 2002 жылы «Аймақтану» бағыты ашылды. Ал 2018 жылдан бастап «Аударма ісі» мамандығы бойынша магистрлар даярлау басталды. Бүгінде факультетте үш кафедра бар. Сабақтар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізіледі. Алты шет тілі оқытылады, соның ішінде ағылшын, неміс, француз, испан, итальян, қытай тілдері және барлық үш оқу деңгейі – бакалавриат, магистратура, PhD бойынша дайындық жүргізіледі.

Факультет ғылым мен білімді интеграциялауға ерекше мән береді. Халықаралық қатынастар мен қауіпсіздік, халықаралық құқық, жаһандық экономика және аймақтық саясат бағыттарында ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Оқытушы-профессорлар құрамы жүздеген монография, мыңдаған ғылыми мақала жариялады. Ерекше атап өтуге тұрарлық тұлғалардың бірі – Роза Сахариқызы Қайырбаева. Бұл кісі факультеттегі Шет тілдер кафедрасының қалыптасуына баға жетпес үлес қосты. Роза Сахариқызы алғашқы күннен бастап халықаралық қатынастар мамандарын көптілді етіп даярлаудың ғылыми-әдістемелік негізін қалады. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен ұстаздық мектебі бірнеше буын аудармашылар мен халықаралық қатынастар мамандарының кәсіби дамуына негіз болды. Роза Қайырбаеваның педагогикалық философиясы – «Шет тілін білу – тек білім емес, мәдениет пен дипломатиялық мінездің өлшемі» деген сөзі факультет ұстанымына айналды.

Сондай-ақ факультеттің Шет тілдер кафедрасының дамуына айрықша еңбек сіңірген ұстаздар қатарында Марияш Макишева мен Гүлсім Сүлейменованың есімдері құрметпен аталады. Бұл тәжірибелі педа-



Жарас
Ибраев



Гүлжаухар
Жамбатырова

гогтер ағылшын тілін оқыту әдістемесін университеттік деңгейде жаңа сапаға көтерген ұстаздар мектебінің өкілдері саналады. Университет қабырғасында елу жылдан астам уақыт қызмет еткен Марияш Макишева мен Гүлсім Сүлейменова бірнеше буын студенттерге кәсіби және адами өнеге көрсетті. Олар факультетте ағылшын тілін оқытудың классикалық және коммуникативтік тәсілдерін ұштастырып, болашақ халықаралық қатынастар мамандарының дипломатиялық тілдік мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосты.

Факультеттің жаңа кезеңі – жасампаздық пен жаңашылдық дәуірі. Бүгінде декан Жұлдыз Сайрамбаеваның басшылығымен факультет жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми белсенділігін арттыруға, халықаралық серіктестік географиясын кеңейтуге және академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін барынша жетілдіруге бағытталған нақты қадамдар жасауда. Дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, факультетті заманауи университеттік басқару мәдениетінің үлгісіне айналдырды.

Қазір факультет жанында бірқатар ғылыми орталықтар

табысты жұмыс істейді. Оның ішінде Еуропалық ақпараттық орталық, НАТО бойынша ресурстық және ақпараттық орталық, Америкалық және демократиялық зерттеулер орталығы, Германдық зерттеулер орталығы, БҰҰ өңірлік ресурстық орталығы, Еуразиялық зерттеулер орталығы, Еуропалық құқық орталығы, ДСҰ және халықаралық сауда құқығы орталығы, Романдық зерттеулер орталығы, сондай-ақ «Мәдениетаралық коммуникация және аударма зерттеулері» халықаралық орталығы. Бұл орталықтар студенттердің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытып қана қоймай, факультетті халықаралық ғылыми хабқа айналдырды.

Факультет 25 елдің жетекші университеттері және халықаралық ұйымдарымен тығыз серіктестікте жұмыс істейді. Оның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания, Италия, Жапония, Қытай, Түркия, Үндістан және басқа мемлекеттер бар.

Факультет ERASMUS+, DAAD, «Bolashak», Fulbright, IREX сияқты академиялық бағдарламаларға қатысады, шетелдік профессорлар мен дипломаттарды тұрақты түрде дәріс оқуға шақырады. Магистранттар мен докторанттар МГИМО, ШЫҰ және ТМД университеттерімен қосдипломдық бағдарламалар бойынша оқиды.

Осындай білім ордасынан ел азаматы деп атауға лайықты мыңдаған студенттер түлеп ұшты. Отыз жыл ішінде факультет жүздеген дипломат пен халықаралық қатынастар мамандарын тәрбиеледі. Бүгінде олардың көпшілігі мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда абыройлы қызмет атқаруда. Түлектер қатарында ҚР Мәжіліс депутаты Самат Нұртаза, ҚР-ның Ресей Федерациясындағы төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Абаев, ҚР Президентінің көмекшісі Мұрат Нұртілеу, ҚР сыртқы істер вице-министрі Ерлан Ашықбаев, ҚР-ның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі Қайрат Омаров, ҚР-ның Австриядағы елшісінің кеңесшісі Мақсат Ибраев, ҚР-ның Ұлыбританиядағы елшісінің бірінші хатшысы Абай Бескен. Біздің түлектердің жетістігі – факультеттің ең үлкен абыройы мен мақтанышы.

Біз үшін 30 жыл – тарих пен келешекті жалғайтын көпір. Бұл жылдар ішінде факультет тек кәсіби тұрғыда дамып қана қоймай, нағыз дипломатия мектебінің ұстаханасы атанды. Заман талабына сай алда жаңа белестер мен тың міндеттер тұр. Қандай жағдайда да біздің басты мұратымыз өзгермейді: тәуелсіз Қазақстанның халықаралық беделін арттыруға қызмет ететін, парасатты, білікті және отаншыл мамандарды тәрбиелеуге әрқашан әзірміз.

Гүлнар КӘРІПБАЕВА,
Дипломатиялық аударма
кафедрасының
аға оқытушысы



On 8 October 2025, as part of the implementation of the United Nations Sustainable Development Goal No. 14, 'Life Below Water', 'Conserve and Sustainably Use the Oceans, Seas, and Marine Resources', the Department of Foreign Languages organized a roundtable discussion titled 'Save Our Seas'. The event took place at the Faculty of Biology and Biotechnology, bringing together first-year students from various academic programs.

Round Table «Save Our Seas»: Raising Awareness of Ocean Conservation

The roundtable discussion provided an opportunity for open dialogue and intellectual exchange, and environmental awareness. The students actively participated, demonstrating not only their English language competence, but also their genuine concern for preserving the planet's marine ecosystems.

Throughout the event, participants presented short reports and multimedia presentations on pressing environmental issues related to the world's oceans. Among the topics discussed were:

- "Marine biotechnology: How ocean life helps solve human problems" —exploring innovative marine-based solutions for medicine, food production, and sustainable industry;
- "Ocean acidity and climate change" — addressing the increasing acidification of the oceans and its devastating effects on coral reefs and marine biodiversity;
- "Sustainable fisheries: Feeding the world without emptying the oceans"— emphasizing the importance of responsible fishing practices and the balance between human needs and ecosystem health.

The discussions highlighted the importance of interdisciplinary collaboration in tackling ocean-related challenges. Students reflected on

the human impact on marine ecosystems, analyzed current global initiatives, and proposed creative solutions for sustainable resource management.

The event also underlined the educational value of integrating the Sustainable Development Goals (SDGs) into university teaching. By engaging with global environmental issues in English, students not only enhanced their communication and research skills but also developed a stronger sense of global citizenship and ecological responsibility. At the end of the round table, all participants received certificates of participation in recognition of their enthusiasm, research efforts, and active contribution to the discussion. The atmosphere was filled with inspiration, motivation, and a shared commitment to making a positive impact on the future of our planet.

Such events serve as a powerful reminder that small actions — when multiplied by young and determined minds — can make a significant difference in protecting our oceans and ensuring a sustainable future for generations to come.

**Akniyet REZHEP,
Arailym ABYLKASSOVA,**
Senior lecturers of Department
of foreign languages

Empowering Youth Through Education: Round Table on SDG 4 at the Faculty of Foreign Languages

In celebration of the Republic Day of Kazakhstan, the Faculty of Foreign Languages, Department of Philology at Al-Farabi Kazakh National University hosted an inspiring and vibrant round table dedicated to Sustainable Development Goal 4 — Quality Education. The event brought together students, professors, and international guests to discuss how inclusive and equitable education forms the cornerstone of sustainable development and global progress.

The keynote speaker, Mr. Michael Klett, Director of Bike Hut, a San Francisco-based non-profit organization promoting youth volunteering and community engagement, captivated the audience with his thought-provoking presentation. He shared how education, when combined with civic participation and compassion, empowers young people to become proactive change-makers in their societies. Mr. Klett's message resonated deeply: learning is not only a path to self-improvement but also a force that strengthens communities and builds a better world.

Adding a festive and creative touch, first-year students



of the Faculty of Foreign Languages showcased their talents through presentations, traditional dances, songs, and performances, highlighting the cultural richness and youthful energy of Kazakhstan's new generation. Their contributions reflected both intellectual enthusiasm and patriotic pride — a perfect blend of artistry, scholarship, and national spirit.

Throughout the discussions, participants explored the meaning of quality education, intercultural dialogue, and global citizenship, emphasizing how education bridges differences and nurtures empathy. The atmosphere was charged with enthusiasm, mutual respect, and inspiration — truly embodying the essence of SDG 4: *Quality Education for All*.

The event reaffirmed Ka-

zNU's dedication to empowering students through education, creativity, and cultural awareness. It served as a lively platform for young voices to be heard — voices full of ideas, energy, and hope for a more inclusive and responsible future.

As one student beautifully remarked, *"Education opens minds and hearts — it connects people, builds empathy, and inspires progress."*

By blending dialogue, creativity, and volunteer spirit, the Faculty of Foreign Languages continues to nurture the next generation of global citizens — individuals who carry forward the ideals of education, unity, and social responsibility.

**Ayana JANUZAKOVA,
Asel SHAYAKHMET,**
Department of Foreign
Languages

Learn all other languages, but respect your own

At Al-Farabi Kazakh National University, the lecturers of the Department of Foreign Languages, Faculty of Philology, organized an international educational event entitled "One language is one flag" dedicated to the Day of Languages within the framework of the Program "Sustainable Development Goals: Quality Education" with the participation of first-year students of the Faculty of Mechanics and Mathematics. The main purpose of the event, within the framework of the 'Sustainable Development Goals: Quality Education' program was to honor our native language, promote the study of foreign languages among students, and encourage them to work tirelessly, study hard, become knowledgeable and develop into cultured individuals who will contribute to the development of our country.

The Law on Languages was adopted in our country on September 22, 1989. Since then, September has been celebrated as the Day of Languages of the People of Kazakhstan. As Kazakhstani poet Qadyr Myrzaliev said, "Learn all other languages, but respect your own." Respect for our mother tongue is our civic duty. In the Republic of Kazakhstan, home to more than 130 nationalities and ethnic groups,

the commonwealth that unites all people is the Kazakh language. The Kazakh language is the state language, the mirror of our nationhood. Therefore, this holiday is not only the Day of Languages, but also a day that promotes the culture, literature, national traditions, and historical values of all ethnic groups.

During the event, Kazakh students studying abroad — Akerke Abzhanqyzy Alkhapek (Uni-



versity of Warsaw, Poland) and Aldiyar Dzhusupov (University of Messina, Italy) —joined the live broadcast online. They shared with the students in Kazakh and English how they learned foreign languages, entered European universities, and are currently studying there. They emphasized that to contribute to our country's development, one must first receive a good education, which requires continuous effort and hard work.

As part of the event, first-year students of the Faculty of Me-

chanics and Mathematics specializing in Mathematics, Actuarial Mathematics, Applied Mathematics, Mechanics, Robotic Systems, Aerospace Engineering and Technology, Computational Sciences, and Statistics recited poems and proverbs in Kazakh, English, and Chinese, asked and answered each other's questions, and shared their heartfelt reflections on the importance of language.

Among participants were International students from China. The event was conducted in a very engaging and captivating atmosphere. The moderators of the event were first-year students of the Faculty, Aisha Muratova and Dinmukhammed Ablek.

Through this event, students gained comprehensive information about the significance of the Day of Languages, once again realizing that to contribute to the development of our country, one must study well, master foreign languages, and obtain quality education. The event, with its educational and informative value, was held at a very high level and achieved its goal.

**Kulyash ZHUBANOVA,
Altynkyz KURALOVA,**
Department of Foreign
Languages

Тұрақты даму мақсаттарының төртінші – сапалы білім беру бағыты аясында «Асыл сөз іздесең, Абайды оқы!» деген тақырыппен Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған іс-шара өтті.

«Асыл сөз іздесең, Абайды оқы!»



шылығын арттыру, оқып-білуге, тани түсуге ынталандыру. Абай атамyzдың қалдырған асыл мұрасын әр студенттің ой-сана-сына жеткізу, білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту және интеллектуалдық дағдыларды қалыптастыру. Абай шығармалары арқылы білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Іс-шара барысында студенттер Абай шығармаларын оқу арқылы рухани және моральдық құндылықтарды талқылап, қазіргі қоғамда қолдану жолдарын ұсынды. Қазақстандық және шетелдік студенттер арасында қызықты пікір алмасу мен сұхбат

түзіліп, қатысушылар өз елдеріндегі әдеби және философиялық дәстүрлермен салыстырмалы талдау жасады. Әсіресе Абайдың адамгершілік, білімге құштарлық, еңбекқорлық және әділеттілік тақырыптары ерекше талқыланды.

Іс-шара соңында заң факультетінің студенттері мазмұнды баяндамаларымен қатар, ұлттық өнерді паш етіп, домбырада күй тартып, ән орындады. «Желсіз түнде жарық ай» әніне би билеп, ақынның қара сөздері мен өлеңдерін оқыды. Сөйтіп, шетелдік студенттер тек ұлы ақын Абай Құнанбайұлының мұрасымен таныспай, қазақтың ұлттық өнеріне тәнті болды. Осындай іс-шаралар жастардың қоғамға деген жауапкершілігін арттырып, шетелдік студенттермен ынтымақтастықта өмір сүріп, азаматтық ұстаным тұрғысында тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

Қарлығаш АЙСҰЛТАНОВА,
филология факультеті Шетел тілдері кафедрасының ассистент-профессоры

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ
Газетке жазылу индексі: 64787



- «Qazaq universiteti» газеті – 80 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

1 жылға	қала		ауыл/аудан
	жеке тұлға	заңды тұлға	
	4930,62 теңге	7304,64 теңге	4930,62 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 3227, 3228

Біздің еліміз – көпұлтты мемлекет. Қазақстанда көптеген этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Мемлекеттік саясат халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуды көздейді. Қазақ мәдениеті еліміздегі этносаралық келісімді сақтауда маңызды рөл атқарады.

Ұлттық киімді дәріптеген апталық

мын және дәстүрлерін бейнелей отырып, ұрпақтан-ұрпаққа қазақ халқының құндылықтары мен эстетикалық түсініктерін жеткізеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде Ұлттық киім апталығы өтті. Апталыққа психология мамандығы бойынша білім алатын (орыс тобы) 1-курс студенттері белсенді қатысты. Олар апталық бойы ұлттық киімнің мән-мағынасына қанықты. Мысалы, жастардың киетін киімі мен үлкендерге арналған киімдердің қандай ерекшелігі болған, олар қалай тігілген, қандай ою-



өрнек қолданған – соған қатысты толыққанды мәлімет алды. Жас қыздар мен келіншектердің киетін киімінде қандай айырмашылық, өзгерістер

болған, бұл жайында да тың дерек берілді. Мұндай апталықтар ұлттық киімді дәріптеуге, құрметтеуге негізделеді. Жастар арасында ұлттық киім-

ді, дәстүр мен мәдениетті насихаттау – достық пен түсіністікті нығайтады.

Мемлекетіміздің негізгі құндылықтары – бір-бірімізге деген құрмет, қонақжайлылық, өзара көмек және төзімділік. Бұл қасиетіміздің бәрі түрлі ұлт өкілдері арасындағы достықты тереңдетуге ықпал етеді. Осы күні қазақ тілі мен мәдениеті ел тұрғындарын біріктіріп, рухани бірліктің символына айналды.

Жарас СЕЙІТНҰР,

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының ассистент-профессоры

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.